

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫ

Керімбекова Б.Д.

С. Демирел университетінің
аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Поэманың жанр ретіндегі ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтауға байланысты орыс және қазақ әдебиеттануында өте көп айтылды, түрлі пікірлер кездеседі. ХХ ғасыр әдебиетінде поэма жанры сияқты әдебиеттанушылардың арасында айтыс-тарғыс тудырған жанр сирек. Сондықтан болар, поэма жанры туралы айтылған пікірлерде бірізділік жоқ, поэманың жанр ретіндегі ерекшелігі, оның түрлері, тіпті поэмаға беріліп жүрген анықтаманың өзі әлі де дәлдікті талап етеді. Өйткені, В. Кубилостің сөзімен айтар болсақ: “Әрбір әдеби жанрды басқа әдеби жанрлардан оқшау, байланыссыз, томаға-тұйық “автономия” ретінде қарауға болмайды. Әдебиет те өмір сияқты, диалектика заңына тәуелді. Қатып қалған қағидасы болмайды. Өмір ағымымен қатар адам, оның әлемді қабылдауы өзгереді, содан келіп әдебиетте жаңа идеялар пайда болады. Кез-келген үлкен өнер жанрдың қатып қалған шекарасын бұзады, жылжытады. Дегенмен, біз дәстүр мәселесінен аттан кете алмаймыз. Қазіргі әдебиетте жанр араласады, ауысады, бірақ әр жанрдың дәстүрлі негізі сақталады”/1, 70 б./.

Асыл сөздің бірі ретінде поэма жанрының да әдебиеттің жалпы даму процесі мен халықтың рухани өмірінде өз орны бар. Ол әдебиеттегі күрделі жанрдың бірі ретінде бірден қалыптаса салмады. Бастауын батырлық эпостар мен ғашықтық жырлардан алатын поэманың ұзаққа созылған осы жолдары, даму кезеңі бар. Рухани өркендеудің белестерін бағындыра отырып, поэма көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді. Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиетінде поэма термині қолданылмай, көбінесе өлең, дастан, қисса, хикая деген әдеби терминдер қолданылып келгені белгілі. Ал бүгінгі поэманың бағдары қалай?

Бүгінгі таңда қазіргі қазақ поэмаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық өлшемдердің рухани-мәдени кеңістіктегі орнын жаңаша бағамдау қажеттігі туындауда. Соңғы жылдарда жазылған поэмалардың идеялық-көркемдік бағыттарын, жалпы поэтикалық мәселелерін қоғам өміріндегі өзгерістермен, жаңалықтармен бірлікте қарастырамыз. Бүгінгі ақындарымыз поэманың артықшылығы тек көлемінде ғана емес екендігін, демек, әдебиет дамуындағы жаһандық құбылыстардың ұлттық әдебиетімізге өз әсерін тигізбей қоймайтындығына баса назар аудара бастады.

Қазіргі қазақ поэзиясының белді өкілдері: Т. Медетбек, Н. Айтұлы, С. Ақсұңқарұлы, Е.Раушанов, И. Оразбаев, К. Салықов, М. Райымбекұлы, Ж. Әскербекқызы сынды ақындарымыздың поэмадағы ізденістері, бағыттары арнайы қарастыруды қажет етеді.

Қазақ поэзиясын «ХХ ғасырдың жиырма сәті», «Адам ата – Хауа ана», «Төбемнен жауһар жауып тұр» атты жыр жинақтарымен байытып, оқырмандарын өзгеше ойлауымен қызықтыратын ақын Серік Ақсұңқарұлының “Қызыларай колхозының баласы” (автобиографиялық поэма-хроника), “Клеопатра”, “Қағайық, есікті” (поэма-реквием), “Моцарт пен Сальери” (поэма-синдром), “Тас кітабы” (поэма-эссе), “Қабіріңе қоям бес шоқ қара гүл” (жыр-хамса), “Автопортрет” (жыр-хамса), “Адам Ата – хауа Ана” (поэма-трагедия), “Жарылғаннан қорқамын” сынды бірнеше лирикалық поэмалары бар. Қазақ әдебиетінің тарихында поэманың қалыптасқан сюжетті поэма, лирикалық поэма, эпикалық поэма, лиро-публицистикалық поэма, т.б. сынды үлгілері бар. Байқап қарасақ, автор поэмалары поэманың дәстүрден тыс, жаңа үлгілері. Бұл ретте Ж. Толысбаеваның: “Қазіргі поэма тарихи-әдеби және теориялық аспектіде толық зерттеліп болған жоқ. Әдебиет жаңғырған типтегі поэмалардың үлгілерін енді ғана қарастыра бастады”/2, 266/, – деген пікірімен толығымен келісеміз.

Ақын С.Ақсұңқарұлы поэма-трагедия деп атаған «Адам Ата-хауа Ана» атты поэмасы – ХХІ ғасырдың драмалық поэмасы. Аталған поэмаға арқау болған тақырып аса терең, тұлғалық да нәзік тақырып. Кез-келген жаза берер жадағай дүние емес, адам алдында ғана емес, Алла алдында да жауапкершілігі ауыр тақырып. Өйткені, бұл қазақ ұлтына ғана тән емес, күллі адамзаттың бастауы болып есептелетін Адам Ата– хауа Ана заманынан сыр шертеді. Поэма уақыт пен кеңістікке бағынбайды, кейіпкерлері ешқандай өлшемге сыймайды. Қауырсын-қаламға жазу бұйрық етілген уақыттан бері көркем туындыға түрткі болып келе жатқан жақсылық пен жамандық ұғымының таласы бастау алады осы тұстан. Жылдар бойы әдебиеттің ажырамас

компоненті болып келген басты өлшемдерінің бірі – жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің де алғашқыларын осы жерден кездестіреміз.

Көне қисса-дастандардан, соның ішінде діни дастандардан қазақ халқының ислам дініне қатысты өз ұстанымы, дүниетанымы танылады. Демек, тақырып жаңалық емес. Мәселе, тыңнан тақырып табуда емес, тамырымызда бар дүниеге жаңаша қарай алуда, соны бүгінгі оқырман көзімен көріп, ойланта алуда. «Қазақ поэзиясындағы діни-исламдық дүниетанымды эпикалық сипатпен жырлау үрдісі ХХІ ғ. басындағы әдеби үдерісте де жалғасуда, - дейді А. Т. Сейітқұлова өзінің «Қазақ поэзиясындағы діни-исламдық дүниетаным шығармаларының тарихи-әдеби сипаты» атты еңбегінде. Мысалы, ақын Серік Ақсұңқарұлының «Адам Ата – Һауа Ана» атты поэма-трагедиясының идеялық-композициялық желісінде Адам Ата мен Һауа Ананың сұхбаттары арқылы адамзат тарихының қарама-қайшылықты қозғалыс заңдылығы жырланған.

Поэма Адам Ата мен Һауа Ананың диогогына құрылған.

ҺАУА:

Саған түк те айтқам жоқ кой әлі мен,
Не ұғасың сен сөзімнің мәнінен?
Ең әуелі ауыз тиген мен ем ғой,
Ұжмақтағы «Білім» ағашы дәмінен?

АДАМ АТА:

«шашы ұзын да, қысқа әйелдің ақылы», -
Деп еді Аллам – таңдайыма татыды.
Тыйым салған сол жемістен жедің де,
Таксіретін тартып жүрміз ақыры! /3, 412/.

О бастан Алла тыйым салған «Білім» ағашы дәмінен Әзәзіл–Ібілістің азғаруымен ауыз тиген екеуінің жұмақтан қуылғаны, содан кейін мәңгі-бәки өздері де, ұрпақтары да адасумен, біріне бірі өштесумен, бірін-бірі өлтірумен, арпалыспен келе жатқан трагедиялық тіршілік тынысы өрнектелген. Өмір бойы әзәзіл ойдың шырмауынан шыға алмаған адамзат ұрпақтарының қақтығыстарға («Таусылмайтын кикілжіңі, таласы, жердің үстін, аспан астын ылаң қылып, бір-бірінің егін жейтін мәңгілік туды бүгін адамзаттың баласы») толы күрделі өмір келбеті бейнеленген [4, 7.].

АДАМ:

Уа, Һауа!
Түнде – түсім,
Таңда – әнім,
Сені көріп ақыл-естен танғанмын...
Сені көріп тәуба қылам,
Әйтпесе-
Жанымды алар Әзірейіл жан-жағым!

... Алла үніне сел-дауылың қосылып,
Әзірейіл мен қасқырларың қоса ұлып
«Салауат айт», – дейді Әзірейілдер,
Атып тұрам сонда ұйқымнан шошынып

ҺАУА:

Мен – әйелмін еркегіне егене,
Таң нұрынан
Таң нұрына жетеле!
Сенің осы қорқынышың, үрейің
Ұрпағыңнан ұрпағыңа кете ме?!

Үрей еді – бүкіл өмірбаяның,
Қос қолымды енді кімге жаямын?
Ең құрыса шарананды аяғын:
Ауыр еді аяғым...

Адам деген атыңа
Ата деген сөз қосам

Адам Ата боласың!
Мен болармын
Хауа Ана!

Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы – өте кең тараған діни-мифологиялық сюжет. Поэма өзегі осы баршаға таныс «дайын» сюжет. «Дайын» діни-мифологиялық сюжеттер ХІХ-ХХ ғасырларда дүниеге келген дастандар мен жырларда, поэмаларда, балладаларда кеңінен пайдаланылып, адамзаттық мәңгі мәселелерді танытуда көркемдік-эстетикалық, философиялық-гуманистік бағытта елеулі маңызға ие болды» /5, 3/. Алайда, әрбір шығарманың негізінде автордың дүниетанымы жатады. Сол негізде лирикалық кейіпкердің хал-ахуалы, ішкі жан әлемінің қалпы бейнеленеді. С. Ақсұңқарұлы осы аңызды өзінің көркемдік-идеялық максаттарына сай өңдендіре, өзгерте драмалық тартысқа құрған. /жалғасы бар/.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кубилюс В. Новые пути поэмы // Вопросы литературы. – 1962. – №1. – С. 22–23.
2. Толысбаева Ж. Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі. Семей, Талант, 2008. - 386 бет.
3. Ақсұңқарұлы С. Адам Ата – хауа Ана: рух кітабы. Алматы: Қазақстан, 2000 ж.
4. Сейітқұлова А. Т. «Қазақ поэзиясындағы діни-исламдық дүниетаным шығармаларының тарихи-әдеби сипаты». Автореферат .
5. Аймұхамбетова Ж. Мифтің поэтикадағы қызметі: қазіргі қазақ поэзиясы арқауында. – Алматы: Жазушы, 2010. – 365 б.

Summary

The author reviews development history of the genre of poems in Kazakh poetry, by paying special attention to the researches of contemporary Kazakh poems. The author provides new analysis of artistic peculiarities of Serik Aksunkaruly's lyric poems.